

Үй тапсырмасы

Берілген сөйлемдерден болымды, болымсыз етістіктерді тауып жазыңыз.

1. Аққу киелі құс саналады. Сондықтан аққуды атуға болмайды.
2. Құмырсқаның илеуін, қарлығаштың ұясын бұзба.
3. Автобуста қарттарға, өзіңнен үлкендерге орын бер.
4. Малды аяғыңмен теппе.
5. Нанды бір қолмен үзіп жеме.
6. Кітапты таза ұста.
7. Құстарға жемсауыт жаса.
8. Сүт тағамдарын жерге төкпе.

Өткен сабақты қайталау

Қазақ тілінде неше сөз табы бар?

2. Етістік дегеніміз не?

3. Етістіктің сұрақтары қандай?

4. Болымды етістік дегеніміз не?

5. Болымсыз етістіктің жұрнақтарын ата.

6. Болымсыз етістік тағы қандай сөздер арқылы жасалады?

**Медициналық
тексеруден өту**

Көмекші етістіктер



Тұлғаның психологиялық қасиеті және белгілері, дерттің ішкі бейнесі мен науқастың мәселелері туралы ақпарат жинау және науқаспен жанасу негізінде оған психологиялық әрекет жасау әдісі.

Н: Сәлеметсіз бе?! Дәрігер!

Д: Сәлеметсіз бе?! Кіріңіз, отырыңыз

Қандай шағымдарыңыз бар? Сізді не мазалайды?

Н: менің ішімнің жоғарғы орталық бөлімі ауырсынады.

Д: Қай жерде ауырады, көрсете аласыз ба?

Н: (көрсетеді)

Д: Аурудың сипаты қандай? Қалай ауырсынады?

Н: Қатты тырмалап ауырсынады.

Д: Басқа жерге ауырсыну таралады ма?

Н: Жоқ.

Д: Ауырсыну кашан басталды? Және ауырсынуды немен байланыстырасыз?

Н: Осы бір аптада ауырсыну күшейді. Әсіресе қуырылған, майлы тамақ жегенде басталады.

Д: Ауырсыну тамақ ішкенге дейін бе? Кейін бе?

Н: Тамақ ішкеннен кейін қатты ауырады.

Д: Тағы қандай шағымдарыңыз бар?

Н: Таңертен көп мөлшерде құсамын. Күні бойы әлсіздік байқалады.

Д: Жүрегіңіз айнып немесе кекіру сезімі бар ма?

Н: Кекіру бар. Қышқылды кекіремін.

Д: Ауырсыну сезімін басу үшін қандай дәрі қабылдадыңыз?

Н: Альмагель қабылдадым.

Д: Тәбетіңіз қалай? Уақытылы тамақтанасыз ба?

Н: Тәбетім жақсы. Жұмыстарым шығып қалғанда жеңіл желпі тамақтана саламын

Бейнематериалға назар аударыңыз!



Сонымен қатар ,сұхбаттың мақсатына адамның шағымдарын анықтау және оның тәртібінің, жүріс-тұрысының ішкі себептерін ,ықпалдарын айқындау жатады.Медициналық қызметкердің науқасқа психологиялық жәрдем беруіне де негізделеді.

Медициналық интервьюдің мағынасы, қарапайым сұрастырудан өзгеше болады, себебі ол науқастың шағымдарын белсенді түрде анықтаумен қатар ,адам қылықтарының ,өзін-өзі ұстауының жасырын мотивтерін іздестіруге және науқасқа жәрдем беруге бағытталады.



Жаңа сабақ

Көмекші етістік – толық лексикалық мағынасы жоқ, жеке тұрып сөйлем мүшесі бола алмайтын, тек негізгі етістіктермен, есім сөздермен тіркесіп қолданылатын етістіктер.

Қазақ тілінде 4 Көмекше етістік бар: (еді, екен, емес), жазда, ет, де (деді, деген, десе, дейді). Мыс, Жаманға жүзің салма малды екен деп, жақсыдан күдер үзбе жарлы екен деп

**Көп нүктенің орнына етістіктердің тиістісін қойып жазып,
етістік түрлеріне ажырат.**

... сөйлесең де,... сөйле.

... егін,... тегін.

Ұлық..., кішік...

Көп..., жоқ....

Керекті сөздер: болсаң, бол, жабылса, табылады, ексең, ішерсің,
ойнап, ойлап.

**Мына етістіктердің қай сөйлемде негізгі, қай сөйлемде көмекші
қызмет атқарып тұрғанын айқында.**

Машина ұзай берді. Допты алып, балаларға берді.

Мен балаларды көргім келді. Бектұр бір басып, екі басып қасына келді.

Айтжан қапелімде не дерін білмей қалды. Балаларға ілеспей, үйде
қалды.

Сұхбаттасудың функциялары.

1.Диагностикалық

2.Терапевтік

Олар бірге , параллелді түрде жүзеге асу керек,себебі тек үйлесу жағдайында ,ғана медициналық мақсатына жетеді.Көбінесе науқас өзінің шағымдарын,мәселелерін және жағдайын сипаттап түсінікті түрде айта алмайды.Сондықтан, науқастың айтқан мәселелерін дәрігердің тыңдай білуі-сұхбаттың бір кезеңі болып табылады.

Сұхбаттың принциптеріне келесілер жатады:

1. Қойылған сауалдарға медициналық қызметкердің жасаған тұжырымы дәл, ашық, сәйкес және түсінікті болуы.
2. Бірізділік және адекватты, біркелкі болуы.
3. Алынған мәліметті тексеру мүмкіншілігі болуы.

Медициналық қызметкердің қойған сауалдары мен тұжырымдары дәл және тиісті, науқастарға түсінікті, арнайы терминсіз болуы керек. Олар аурудың тілі мен мәдениетіне, біліміне сәйкес келуі қажет. Сондықтан науқастың әлеуметтік статусы, білім дәрежесі, мәдениеті мен сөйлесу мәнері анықталады.

Диалог

- Қайырлы күн!
- Сәлеметсіз бе! Қандай шағымыңыз бар?
- Мен қанды талдауға тапсырғаннан кейінгі қайтадан тексерілуге келдім.
- Жақсы, тегіңізді айтып жіберсеңіз?
- Тегім Омаров(а).
- Таптым. Қан талдауы дайын екен. Екі көрсеткіш жоғарылап тұр екен. Кәне, қан қысымыңызды өлшейік.
- Жақсы.
- Қан қысымы сәл жоғарылап тұр екен.
- Ол қауіпті емес пе?
- Жоқ, уайымдамаңыз. Қазір сізге тиісті ем - шара мен дәрі - дәрмектің тізімін жазып берейін. Осы ем - шарадан соң тағы тексерілуге келіңіз.
- Жарайды.
- Міне. Бұл дәрілерді тегін өзіміздің әлеуметтік дәріханамыздан алсаңыз болады. 2 қабат 203 кабинет.
- Көп рахмет, дәрігер мырза.
- Ем болсын! Сау болыңыз!
- Сау болыңыз!

Құштарлықсыз принципі дегеніміз медициналық қызметкер науқасты өз пікіріне итермелеуі. Бұл ұстаным медициналық қызметкердің науқасқа ауруы туралы өз пікірін айтып, иландыруы, сендіруі, яғни сұхбаттасуы бір жақты жүргізілгенін білдіреді. Яғни, медициналық қызметкер анықтаған бұзылыстар туралы науқас адамды өз ойына жетелеуі, итермелеуі.

Мәліметтің тексеру мүмкіншілігі және адекватты болуы дегеніміз - интервью барысында жинастырылған науқастың берілген жауаптарының дұрыстығын тексеріп, тиісті талқылау жүргізу.



Сұрақтарға жауап бер

1. **Медициналық сұхбат дегеніміз?**
2. **Сұхбаттасудың қандай функциялары бар?**
3. **Сұхбаттың принциптеріне нелер жатады?**
4. **Интервьюдің бірізділігі дегеніміз не?**
5. **Құштарлықсыз принципі дегеніміз не?**
6. **Мәліметтің тексеру мүмкіншілігі және адекватты болуы дегеніміз не?**
7. **Интервьюдің әдістемелік негіздеріне жататындары?**
8. **Медициналық сұхбаттасудың кезеңдері?**

Сабақты бекіту

1. Көмекші естістік дегеніміз не?
2. Медициналық тексеру дегеніміз?
3. *Машина ұзай берді. Допты алып, балаларға берді.*

Сөйлем етістіктің қандай түрі.

Үйге тапсырма

Тыйым сөздерді мұқият тыңдай отырып, көп нүктенің орнына етістіктерді жазыңыз.

Ұмытып , есікті ... !

Үйде де, қайда да, пышақпен

Босағада ... , көк шөпті

Малды теппе, ақты

Айтқан сөзді бағамда, кемтер адамға.

Өзім қумын ... , кісі ақысын

Қашан да болсын есте, үлкеннің алдын

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!

